

Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 31/257 "2019 - 2021 жылдарға арналған Ақжігіт ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 қарашадағы № 42/330 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 қарашада № 4030 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 7 қарашадағы № 41/325 "Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы № 30/250 "2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4021 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "2019-2021 жылдарға арналған Ақжігіт ауылының бюджеті туралы" Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 31/257 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3795 болып тіркелген, 2019 жылғы 31 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Ақжігіт ауылының бюджеті сәйкесінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 39 426,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша - 3 668,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 181,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша - 35 577,0 мың теңге;

2) шығындар - 41 968,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 теңге;

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 2 542,0 мың теңге .";

2 тармақ келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық бюджеттен 2019 жылға арналған Ақжігіт ауылының бюджетіне 35 577,0 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені қаперге алынсын.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің 4 қосымшасы алынып тасталсын.

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ж.Оспанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бейнеу аудандық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Қ.Т.Тарғынов).

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасының өкілеттігін жүзеге асырушы,
Бейнеу аудандық мәслихатының хатшысы

А. Ұлұқбанов

Бейнеу аудандық мәслихатының
2019 жылғы 19 қарашадағы
№ 42/330 шешіміне қосымша
Бейнеу аудандық мәслихатының
2019 жылғы 23 қаңтардағы
№ 31/257 шешіміне 1 қосымша

2019 жылға арналған Ақжігіт ауылының бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
		Атауы		
		1. Кірістер		39 426,0
1		Салықтық түсімдер		3 668,0
	01	Табыс салығы		795,0
	2	Жеке табыс салығы		795,0
	04	Меншікке салынатын салықтар		2 873,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар		78,0
	3	Жер салығы		28,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық		2 767,0
2		Салықтық емес түсімдер		181,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		181,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		181,0
4		Трансферттердің түсімдері		35 577,0

02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	35 577,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	35 577,0
Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
	Атауы		
		2. Шығындар	41 968,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	34 103,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	34 103,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	34 103,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7 865,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 865,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	470,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7 395,0
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2 542,0
		Қарыздар түсімі	0,0
		Қарыздарды өтеу	0,0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2 542,0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2 542,0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	2 542,0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 542,0